

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: «Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ

Күні: «24» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: Мектеп фойесі

Осы анықтама арқылы «Шәкәрім атындағы ЖББ мектебінде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының басшысын сайлау жиыны өткізілгені расталады.

Іс-шараның мақсаты:

Мектептегі «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысын жандандыру, оқушылар арасында адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтарын насихаттау және клубтың жаңа жетекшісін анықтау.

Қатысқандар:


- Мектеп әкімшілігі өкілдері
- Сынып жетекшілері
- Педагог-ұйымдастырушы (тәлімгер)
- 5–11 сыныптан белсенді оқушылар
- Жалпы қатысушылар саны: 67 адам

Жиын барысында:

1. Клубтың өткен жылғы атқарған жұмыстары туралы есеп тыңдалды;
2. Клуб жетекшісі қызметіне кандидаттар ұсынылды:
 - Серікбаева Гүлфайруз
 - Горбань Елизавета
3. Ашық/жабық дауыс беру ұйымдастырылды;
4. Дауыс беру қорытындысы бойынша:
«Адал ұрпақ» клубының жаңа басшысы болып – Горбань Елизавета бекітілді.

Шешім:

- Тағайындалған клуб жетекшісіне міндеттер мен жұмыс жоспары түсіндірілді;
- Клуб мүшелерінің жаңартылған құрамы бекітілді;
- Жаңа жетекшіге мектеп тарапынан әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетілетіні хабарланды.

ДТІЖО: Имантай Д.И. 

Тәлімгер: Оспанова Т.А.

«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың

№ 1 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық деген не?»

Өткізілген күні: 29.09.2025ж

Төрағасы: Байтанова А.М.

Хатшы: Имантай Д.И.

Қатысқандар: 35

Қатыспағаны:

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасы

2.«Сыбайлас жемқорлық деген не ?»

Жауапты: ДТІЖО Имантай Д.И.

3.«Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»

Жауапты: Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Абжанова А.М.

Тыңдалды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары атап өтілді: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды. Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Сөз алды: Кәсіподақ төрайымы Абжанова А.М. сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Кәсіподақ төрайымы бүгінгі тақырып негізінде, сөзімді «Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі» деп қорытындылады.

Шешімі:

1. мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттері және мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әдеп кодексінің жобасымен келіседі және толығымен орындайды.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Қаулы етті:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын.

Жауапты: Кәсіподақ төрайымы Абжанова А.М.

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: «Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ

Күні: «22» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: Мектеп фойесі

Осы анықтама арқылы Шәкәрім атындағы ЖББ мектебінде «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында қабырға газеті шығарылғаны расталады.

Іс-шараның мақсаты:

Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, адалдық, әділдік, жауапкершілік қағидаларын насихаттау, құқықтық мәдениетті арттыру.

Қабырға газетін дайындауға қатысқандар:

- «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері;
- Сынып жетекшілері мен тәлімгер;
- Белсенді оқушылар (5–11 сынып);
- Жалпы қатысушылар саны: 11 адам.

Газет мазмұнына енгізілген материалдар:

- «Жемқорлық деген не?» түсінігі;
- Жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны;
- ҚР Заңдарынан үзінділер;
- Адалдық туралы өсиет сөздер, ұлы тұлғалардың нақылдары;
- Оқушылар салған суреттер, тақырыптық плакаттар, инфографика.

Қорытынды:

Қабырға газеті мектептің басты ақпараттық бұрышына орналастырылды.

Түсіндірме жұмысы жүргізіліп, оқушылар тақырып бойынша пікір білдіріп, өз ойларымен бөлісті.

ДТІЖО: Имантай Д.И.

Тәлімгер: Оспанова Т.А.

Хатшы: Серикова А.С.



Шәкәрім атындағы ЖББМ КММ «Ар ұждан- адамдық өлшемі» атты ұйымдастырылған дөңгелек үстелге

Анықтама

2025-2026 оқу жылында қыркүйек айының 16-ы күні оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды, әр –түрлі жөтел, асқазан тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен екенін түсіндіру, жас бүлдіршіндерді мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу мақсатында 8 сыныптар арасында тәрбие ісінің орынбасары И.Д.Имантай ұйымдастыруымен «Ар ұждан-адамдық белгісі» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар өздерінің бойынан табылатын зиянды әдеттер туралы, олардан арылу туралы мәліметтер айтты. Адам өмірінде шарықтау сәті бар, ол оны қолынан шығарып алады, бұдан кейінгі күні «Тар жол, тайғақ кешумен ұласады» деп ұлы ойшыл Шекспир айтпақшы адамға шыншыл да, ең қымбатты – ол оның мәнді де, сәнді өмірі. Ал, осы өмірінің мәнді де, сәнді өтуіне оның басты байлығы денсаулығы тікелей әсер етеді. Зиянды әдеттер тек шылым шегу, ішімдік ішу немесе насыбай тарту емес оған сабаққа кешігу, сабаққа келмеу әдеті, әлеуметтік желіде көп отыру, қыздармен салғыласу, одан қалса ұстаздарға және ата-аналарға сөз қайтару сияқты әдеттерден аулақ болу керектігін қағаз бетіне түсіріп, талдады. Жалпы зиянды әдеттерді қойып, жақсы әдеттерге бейім болу керектігі айтылды. Темекінің толып жатқан зияны ішімдіктің ағзаға, жүйке-жүйесіне көптеген зиянды жақтарын біле тұра жасөспірімдердің алкоголь мен темекіге әуестігі өте жоғары. Себебі бізде балалар бір-біріне еліктеушілігі, бір-бірінен қалыспаушылық салдарынан болып отыр. Оның зияны өте көп. Тыныс жолдарын улап, өкпе аурулары, қатерлі ісік аурулары, нерв ауруларына көптеп шалынады. Темекі түтінінде қорғасын мен никотин өте көп екені туралы айтылды. Ішімдікке, темекі тартуға, нашакорлыққа әуестенушілер осы зиянды заттардың адам өміріне, қаншалықты қауіп төндіретінін біле ме? Аты жаман індетке апаратын тура жол осы маскүнемдік, нашакорлық екенін түсінген болар деп ойлаймыз. Міне, балалар әр адамның мәнді де, сәнді өмір сүру үшін денсаулықтың әсері ұшан теңіз екен. Тәлім тәрбие жолында қажет болса үзіп берер шәірттеріме тілерім толқынға салған арақ, темекі, нашакорлықтан жас жандарыңызды аулық ұстаңыздар. Салауатты өмір салтын жандарыңызға жан серік етіңіздер. Уақытыңызды бос әуреге жұмсап, өмірдің қызығын көріп өз еншіңізді алудан қорықпаңыздар деп тәрбие орынбасары Д.И.Имантай өз сөзін аяқтады.

Орындаған :Д.И.Имантай

Анықтама
«Сыбайлас жемқорлық деген не? »
атты тақырыпта 8-10 сынып оқушылары арасында 26 қыркүйек күні
жиналыс өткізілді.

Мақсаты: оқушыларының арасында мектептік пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және насихаттау, мектептегі пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және қолдау.

Міндеттері:

- білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

Токкожинова Күмісай:

Қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту.

Ертеде ата-бабамыз «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» деген. Бірақ, «Әкенің айтқанымен ұл өседі, шешенің айтқанымен қыз өседі» деген сөзді айтпаған. Енді ғана өсіп келе жатқан жасөспірімге ата-анасы «олай жасама», «біреудің ала жібін аттама», «ұрлық жасама» деп айтқанымен, ол тәрбиелікті аздық етеді. Әке мен ана баланың – айнасы. Сондықтан да, қазіргі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған ата-аналар тыю сөзді құр айтпай, өзі сол жат қылықтан аулақ болуы керек. Егер, әкесі үйге кеш келсе балаға «қанғыма» деп қалай айтады? Анасы сауық құрып, ішімдікке әуес болса қызы қандай тәрбие алады? «Ұлық болсаң кішік бол» дегендей ата-ана өз ортасында өзін-өзі ұстай білуі керек. Ұрпақ тәрбиелеудегі біздегі кемшілік осы. Қазақта айтылған тыйым мен ырымдардың өзіндік орны бар. Алшақтап бара жатқан дәстүрімізді қалпына келтірмей, болашақты елестету қиын. Ата-ана осы жағдаяттарды орындай білсе, бала да соған бейімделіп өседі.

Кәкен Кәусар:

оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатыстылық сезімін қалыптастыру, адалдыққа берік болу және жемқорлыққа қарсы тұру.

АНЫҚТАМА

«Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында 10-сынып оқушыларымен пікірлесу өткізілгені туралы

2026 жылғы «15» қаңтар күні «Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ

10-сынып оқушыларымен «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында пікірлесу (дебат) өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға адалдық, адамгершілік, әділдік сияқты рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

Пікірлесу барысында адалдық ұғымының мәні, оның адам өміріндегі орны, адамдық қасиеттерді сақтау, әділ шешім қабылдаудың маңыздылығы туралы ойлар ортаға салынды. Оқушылар өз пікірлерін еркін білдіріп, нақты өмірлік мысалдар келтірді.

Іс-шара барысында сұрақ-жауап, пікір алмасу элементтері қолданылып, оқушылар белсенділік танытты. Пікірлесу оқушылардың рухани дамуына оң әсер етіп, адалдық қағидаларын ұстанудың маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік берді.

Қорытындысында оқушылар адалдық пен адамдық қасиеттерді өмірде басты ұстаным ретінде сақтау қажеттігін атап өтті.

Клуб басшысы:Оспанова Т.А.